

**Азаматтарды 2009 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларындағы мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдатыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 маусымдағы № А-6/213 қаулысы. Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 30 маусымда № 1-11-106 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі № А-4/118 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2010.04.22 № А - 4 / 1 1 8 қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығына, ««Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар, 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында «Ақмола облысы Есіл ауданының қорғаныс істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Әскери шақыру жүргізілуі кезеңіне аудандық әскери шақыру комиссиясы құрылсын (1 қосымшаға сай).

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруын жүргізу кестесі бекітілсін (2 қосымшаға сай).

4. Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Есіл аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (келісімі бойынша) және Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Есіл аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (келісімі бойынша) әскерге шақырылушылардың әсері қызметке тіркелуі және шақырылуға медициналық куәландырылуын жүргізуді, сондай-ақ маман-дәрігерлермен толықтырылып, медикаменттермен және қажетті жабдықтармен қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі Ақмола облысы Ішкі істер департаменті «Есіл ауданы ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша) және «Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі Көліктегі ішкі істер орталық департаменті «Көліктегі ішкі істер желілік бөлімшесі» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша) әскери міндетін атқарудан жалтарған адамдарды тауып алып жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге аттандырылатын күнінде қоғамдық тәртіп сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысының күші 2009 жылғы 17 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қарай тарайды.

7. «Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырылудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды 2008 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларындағы мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» Есіл ауданы әкімдігінің 2008 жылдың 8 сәуіріндегі № а-4/102 (мемлекеттік тіркеу тізімінде № 1-11-83 тіркелген, аудандық «Жаңа Есіл» газетінің 2008 жылғы 18 сәуірінде жарияланған) қаулысының күші жойылған деп танылсын.

8. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау ауданы әкімінің орынбасары С. К. Ағымбаеваға жүктелсін.

9. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысы Есіл ауданы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Есіл ауданының*

*әкімі*

*С. Ерин*

КЕЛІСІЛГЕН:

*Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көліктегі ішкі істер орталық департаменті «Көліктегі ішкі істер желілік бөлімшесі» мемлекеттік мекемесінің бастығы*  
*Жортымбаев С.М.*

Қазақстан Республикасы Ішкі  
істер министрлігі Ақмола  
облысы Ішкі істер департаменті  
«Есіл ауданы ішкі істер бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Каримов С.В.

Ақмола облысы Денсаулық  
сақтау басқармасы жанындағы  
«Есіл аудандық орталық аурухана»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорнының бас дәрігері

Қайсарбеков О.Қ.

бастығы

Меңбаев Ж.Х.

Ақмола облысы Денсаулық  
сақтау басқармасы жанындағы  
«Есіл аудандық емханасы» мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
бас дәрігері

Сәрсембаева Г.З

Есіл ауданы әкімдігінің  
2009 жылғы 23 маусымдағы № а-6/213  
қаулысына 1 қосымша

## **Аудандық әскери шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ**

Менбаев Жанбота Хамитұлы «Есіл ауданының қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік  
мекемесінің бастығы, әскери  
комиссиясының төрағасы

Бектемирова «Ақмола облысы Есіл ауданы әкімі  
Ажар Арстанбекқызы аппараты» мемлекеттік мекемесінің  
бас маманы, шақыру комиссиясы  
төрағасының орынбасары

**Комиссия мүшелері:**

Мусин Кайрат Султанұлы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігі Ақмола облысы Ішкі  
істер департаменті «Есіл ауданы  
ішкі істер бөлімі» мемлекеттік  
мекемесі бастығының орынбасары

(келісімі бойынша)

Қойшыбаева  
Жібек Қабдешқызы

«Есіл аудандық емханасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорнының терапевт-дәрігері,  
медициналық комиссия төрайымы

(келісімі бойынша)

Башлыкова Ирина Сергеевна

Ақмола облысы Денсаулық сақтау  
басқармасы жанындағы «Есіл  
аудандық емханасы» мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық  
кәсіпорнының медбикесі, комиссия

хатшысы

Есіл ауданы әкімдігінің  
2009 жылғы 23 маусымдағы № а-6/213  
қаулысына 2-қосымша

### **Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі**

Р/с №	Мекеменің атауы	Комиссияның жұмыс күндері, уақыты - 9.00 -					
		Сәуір	мамыр	маусым	қазан	қараша	желтоқ- сан
1.	Ақсай	1	13, 27	3, 17	1	4,18	2,11
2.	Біргал	1	13, 27	3, 17	1	4,18	2,11
3.	Бұзұлық	2	13, 27	3, 17	2	4,18	2,11
4.	Двуречный	2	13, 27	3, 17	2, 5	4,18	2,11
5.	Ейский	2	13, 27	3, 17	2	4,18	2,11
6.	Жаныспай	2	13, 27	3, 17	20	4,18	2,11
7.	Заречный	1	13, 27	3, 17	1, 10	4,18	2,11
8.	Знаменка	1	13, 27	3, 17	1	4,18	2,11
9.	Интерна- циональ- ный	7	13, 27	3, 17	7	4,18	2,11

10.	Қаракөл	3	13, 27	3, 17	5	4,18	2,11
11.	Курский	2, 3	13, 27	3, 17	2, 5	4,18	2,11
12.	Красивый	7, 8	13, 27	3, 17	7, 8	4,18	2,11
13.	Красно-горский	8	13, 27	3, 17	8	4,18	2,11
14.	Ковыльный	6	13, 27	3, 17	6	4,18	2,11
15.	Московский	6	13, 27	3, 17	6	4,18	2,11
16.	Орловка	3	13, 27	3, 17	5	4,18	2,11
17.	Раздольный	9	13, 27	3, 17	9	4,18	2,11
18.	Речной	6	13, 27	3, 17	6	4,18	2,11
19.	Сұрған	6, 7	13, 27	3, 17	6, 7	4,18	2,11
20.	Свободный	9	13, 27	3, 17	9	4,18	2,11
21.	Юбилейный	9, 10	13, 27	3, 17	9, 10	4,18	2,11
22.	Ярославка	8	13, 27	3, 17	8	4,18	2,11
23.	Есіл қаласы	10, 13, 14, 15, 16	13, 27	3, 17	12, 13, 14, 15, 16	4,18	2,11

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК